

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 7 қарашадағы № 979 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 8 қарашада № 17715 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 17 қазанда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет түсімдерінің сыныптамасында:

1 "Салықтық түсімдер" санатында:

05 "Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар" сыныбында:

3 "Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер" кіші сыныбында:

мынадай мазмұндағы 30-ерекшелікпен толықтырылсын:

"30 Жер қойнауын пайдаланушылардың басқа түсімдері";

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" функционалдық тобында:

1 "Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар" функционалдық кіші тобында:

121 "Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

007 "Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

013 "Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

694 "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 055 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"055 Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңарту";

9 "Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер" функционалдық кіші тобында:

248 "Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

001 "Қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 111 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"111 Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің күрделі шығыстары";

373 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

061 "Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

02 "Қорғаныс" функционалдық тобында:

2 "Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру" функционалдық кіші тобында:

201 "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

060 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы қызметті ұйымдастыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

104 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне халықты, объектілер мен аумақтарды табиғи дүлей зілзалалардан инженерлік қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік кіші бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"104 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне халықты, объектілер мен аумақтарды табиғи дүлей зілзалалардан инженерлік қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге берілетін нысаналы даму трансферттері";

03 "Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі" функционалдық тобында:

1 "Құқық қорғау қызметі" функционалдық кіші тобында:

201 "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

076 "Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 137 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"137 Түркістан облысының облыстық бюджетіне Түркістан облысының Ішкі істер департаментін материалдық-техникалық жабдықтауға, қосымша штат санын ұстауға, әкімшілік ғимаратын жалға алуға және экологиялық апат аймағындағы тұрғаны үшін қызметкерлеріне жоғарылатылған еңбекақы және сауықтыруға арналған материалдық көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

252 "Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

006 "Мемлекеттік органның күрделі шығыстары" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

6 "Қылмыстық-атқару жүйесі" функционалдық кіші тобында:

333 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

039 "Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуды ұйымдастыру және жүзеге асыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

9 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер" функционалдық кіші тобында:

348 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

004 "Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

04 "Білім беру" функционалдық тобында:

1 "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" функционалдық кіші тобында:

360 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

034 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

2 "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру" функционалдық кіші тобында:

360 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

008 "Балаларға қосымша білім беру" бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

373 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

069 "Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау" бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

381 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дене шынықтыру және спорт басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

006 "Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

4 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру" функционалдық кіші тобында:

353 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың денсаулық сақтау басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

043 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау" және 044 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету" бюджеттік бағдарламалары бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

360 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

024 "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау" бюджеттік бағдарлама бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

5 "Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру" функционалдық кіші тобында:

353 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың денсаулық сақтау басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

003 "Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау" бюджеттік бағдарламалар бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

9 "Білім беру саласындағы өзге де қызметтер" функционалдық кіші тобында:

353 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың денсаулық сақтау басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

034 "Денсаулық сақтау жүйесіндегі мемлекеттік білім беру ұйымдарының күрделі шығыстары" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

360 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

013 "Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету", 014 "Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу", 021 "Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері" және 067 "Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары" бюджеттік бағдарламалары бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

464 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

067 "Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 кіші бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

471 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

067 "Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 кіші бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

05 "Денсаулық сақтау" функционалдық тобында:

2 "Халықтың денсаулығын қорғау" функционалдық кіші тобында:

226 "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

053 "Арнайы медициналық резервті сақтауды қамтамасыз ету және денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

113 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға және Алматы облысының облыстық бюджетіне, Алматы қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейтуге берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік кіші бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"113 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға және Алматы облысының облыстық бюджетіне, Алматы қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейтуге берілетін нысаналы даму трансферттері";

мынадай мазмұндағы 114 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"114 Республикалық деңгейдегі денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау";

353 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың денсаулық сақтау басқармасы " бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

006 "Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер" және 041 " Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламалары бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

5 "Медициналық көмектің басқа түрлері" функционалдық кіші тобында:

353 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың денсаулық сақтау басқармасы " бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

029 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың арнайы медициналық жабдықтау базалары" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

9 "Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер" функционалдық кіші тобында

:

353 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың денсаулық сақтау басқармасы " бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

016 "Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету", 018 "Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер", 028 "Жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін күтіп-ұстау" және 033 "Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

06 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру" функционалдық тобында:

1 "Әлеуметтік қамсыздандыру" функционалдық кіші тобында:

213 "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

027 "Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қамсыздандыру және олардың төлемдерін жүргізу" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

104 "Мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік базалық жәрдемақы" және 105 "Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік базалық жәрдемақы" бюджеттік кіші бағдарламаларының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"104 Мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақы

105 Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақы";

261 "Облыстың білім басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

037 "Әлеуметтік сауықтандыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011, 015 кіші бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

329 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың отбасы, балалар және жастар істері жөніндегі басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

015 "Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 бюджеттік кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен";

333 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

057 "Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

2 "Әлеуметтік көмек" функционалдық кіші тобында:

333 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

009 "Мүгедектерді әлеуметтік қолдау" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен";

015 "Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

9 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер" функционалдық кіші тобында:

213 "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

058 "Республикалық деңгейде халықты әлеуметтік қорғау және көмек көрсету, сондай-ақ әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру және инфрақұрылымды дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

103 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" және 106 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік кіші бағдарламаларының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"103 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

106 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері";

062 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"062 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

333 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

032 "Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары" және 044 "Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру" бюджеттік бағдарламалар бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

07 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобында:

1 "Тұрғын үй шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

241 "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

043 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"043 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері";

242 "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

224 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру" бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"224 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру";

373 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

035 "Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

383 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 015 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"015 Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету";

394 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары және жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

011 "Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

2 "Коммуналдық шаруашылық" функционалдық кіші тобында:

241 "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

042 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жылумен жабдықтау жүйелерін реконструкциялау және құрылыс үшін кредит беру" бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"042 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне жылумен жабдықтау жүйелерін реконструкциялау және құрылыс үшін кредит беру";

242 "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

229 "Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы іс-шараларды іске асыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

107 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қалалар мен елді мекендерді абаттандыруға берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік кіші бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"107 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне қалалар мен елді мекендерді абаттандыруға берілетін нысаналы даму трансферттері";

371 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

005 "Коммуналдық шаруашылық дамыту" және 028 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

3 "Елді-мекендерді көркейту" функционалдық кіші тобында:

123 "Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

009 "Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету" және 011 "Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 004 бюджеттік бағдарламасы бар 349 бюджеттік бағдарламалар әкімшісі толықтырылсын:

"349 Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы

004 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

371 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

037 "Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру" және 038 "Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламалар бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" функционалдық тобында:

1 "Мәдениет саласындағы қызмет" функционалдық кіші тобында:

331 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

003 "Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту", 005 "Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету", 006 "Мәдени-демалыс жұмысын қолдау", 007 "Театр және музыка өнерін қолдау", 010 "Зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету" және 032 "Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары" бюджеттік бағдарламалары бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

373 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

014 "Мәдениет объектілерін дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

2 "Спорт" функционалдық кіші тобында:

373 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

015 "Спорт объектілерін дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

381 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дене шынықтыру және спорт басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

002 "Жергілікті деңгейде спорттық жарыстар өткізу", 003 "Республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға әртүрлі спорт түрлері бойынша құрама командалары мүшелерінің дайындығы және қатысуы", 016 "Мемлекеттік қалалық спорттық ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету" және 032 "Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары" бюджеттік бағдарламалары бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

3 "Ақпараттық кеңістік" функционалдық кіші тобында:

330 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

003 "Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету" және 032 "Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары" бюджеттік бағдарламалары бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

331 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

008 "Қалалық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

9 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер" функционалдық кіші тобында:

328 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат және дін істері басқармасы" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

009 "Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау" және 032 "Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары" бюджеттік бағдарламалары бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

09 "Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану" функционалдық тобында:

9 "Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер" функционалдық кіші тобында:

241 "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

003 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"003 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері";

242 "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 100 және 101 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 244 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"244 "Қарағандыкөмір" бұрынғы өндірістік бірлестігінің шахталары және көмір тіліктері қызметінің салдарын жою

100 Қарағанды көмір бассейні шахталарының жабылуын қамтамасыз ету

101 "Қарағандышахтатарату" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілген, жабылған шахталар қызметкерлеріне келтірілген залалды өтеу";

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары" функционалдық тобында:

1 "Су шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

349 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

002 "Тұқым шаруашылығын қолдау", 041 "Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтотофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату", 044 "Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау", 053 "Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау" және 057 "Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсайтын өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау" бюджеттік бағдарламалар бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

мынадай мазмұндағы 026 және 027 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"026 Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер

027 Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру";

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 029 және 030 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"029 Уақытша сақтау пунктіне ветеринариялық препараттарды тасымалдау жөніндегі қызметтер

030 Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

2 "Су шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

212 "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

254 "Су ресурстарын тиімді басқару" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

115 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жерүсті су ресурстарын ұлғайтуға берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік кіші бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"115 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне жерүсті су ресурстарын ұлғайтуға берілетін нысаналы даму трансферттері";

349 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 028 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"028 Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету";

5 "Қоршаған ортаны қорғау" функционалдық кіші тобында:

241 "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 044 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"044 Технологияларды және үздік тәжірибелерді ілгерілету, бизнес пен инвестицияларды дамыту арқылы Қазақстанның жасыл экономикаға жылдам көшуіне ықпал ету";

354 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

004 "Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар" және 006 "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау және қорғау" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

12 "Көлік және коммуникация" функционалдық тобында:

1 "Автомобиль көлігі" функционалдық кіші тобында:

242 "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

091 "Ортақ пайдаланымдағы автомобиль жолдарын жөндеу және олардың сапасын жақсартуға бағытталған күтіп-ұстау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

106 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" бюджеттік кіші бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"106 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

348 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

010 "Елді-мекендер көшелеріндегі автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу" және 016 "Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

5 "Темір жол көлігі" функционалдық кіші тобында:

242 "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

213 "Қалалық рельстік көліктің дамуын қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 105 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"105 Алматы қаласының бюджетіне электропоездарды сатып алуға заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайтуға берілетін нысаналы даму трансферттері";

9 "Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер" функционалдық кіші тобында:

245 "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

002 "Электрондық үкіметті", инфокоммуникациялық инфрақұрылымды және ақпараттық қауіпсіздікті дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 110 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"110 "Электрондық үкімет" платформасын дамыту";

мынадай мазмұндағы 007 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"007 "Астана Хаб" IT-стартаптардың халықаралық технопаркі негізінде инновациялық экожүйесін құру";

13 "Басқалар" функционалдық тобында:

1 "Экономикалық қызметтерді реттеу" функционалдық кіші тобында:

242 "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

204 "Инвестициялар тарту үшін жағдай жасау" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

101 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық аймақтардың, индустриялық парктардың инфрақұрылымын дамыту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік кіші бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"101 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық аймақтардың,

индустриялық парктердің инфрақұрылымын дамыту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері";

мынадай мазмұндағы 099 бюджеттік бағдарламасы бар 243 бюджеттік бағдарламалар әкімшісі толықтырылсын:

"243 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

